

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

2009 ж. 10.11 жүргізілді
күлемі 35262-1901-А4
БСН 0944000 63 90



Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Төрағасының 2018 жылғы «13» наурызындағы № 51-НҚ бұйрығымен «Бекітілді»

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2018 ж. 03.05 жүргізілді
БСН 0944000 6793
АЛҒАҚЫ ТІРКЕЛТІНГЕН 1000 жм 10.11
КҮЛЕМІ 3708-1901-02-А6

**«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мн дамытудың казакстандык орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы оның орналасқан жерін, органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін басқа да ережелерді белгілейді.

2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық: «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың казакстандык орталығы» акционерлік қоғамы;

қысқаша: «ТКШ ҚазОрталығы» АҚ;

орыс тілінде:

толық: акционерное общество «Казакстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»;

сокращенное: АО «КазЦентр ЖКХ»;

ағылшын тілінде:

толық: Joint-Stock Company "Kazakhstan Center of Modernization and Development of Housing and Communal Services"

қысқаша: JSC "KazCenter of HCS"

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 29 үй.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

4. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың казакстандык орталығы» акционерлік қоғамын құру туралы» 2009 жылғы 30 қазандағы № 1725 қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес акционерлік қоғамын ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында Қоғамның жарғылық капиталына мемлекеттің 100 % (жүз пайыз) қатысуымен құрылған.

5. Қоғам акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, дербес тенгерімі банктік шоттары бар, өз атынан мүлдік және жеке мүлдік емес құқықтарды сатып алу және жүзеге асыру, міндетті болу мүмкіндігі бар, сотта талапкер және жауапкер бола алатын заңды тұлға болып табылады.

6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

8. Қоғамның қызмет ету мерзімі - шектеусіз.

9. Қоғамның өз атауы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған дөңгелек мөрі, мөртабандары, эмблемасы, бланктері бар.

10. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген шектеулерді ескере отырып, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға, өз филиалдарын, Қазақстан Республикасы аумағында өкілдіктерін ашуға және жарғылық ережелер шегінде оларға құқық беруге құқылы.

Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері өз қызметін оларға Қоғам берген құқықтар шегінде, және Директор кеңесі бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің бірінші басшылары Қоғамның жоғары тұрған органына есеп беретін оларға берілген өкілеттіктер шегінде, Қоғам берген сенімхатқа негізделіп іс-әрекет етеді.

11. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі оның мүлдік, экономикалық, қаржылық және шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

3. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ, ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

12. Қоғамның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының дамуына жәрдемдесу болып табылады.

13. Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту мақсатында оның инвестициялық тартымдылығын арттыру;

2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында аналитикалық және ғылыми зерттеулер жүргізу, инновациялық технологияларды енгізу;

3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамытудың оңтайлы моделін жүргізу;

4) энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды үгіттеуге және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында кәсіптік оқытуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

5) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

6) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

7) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы үкіметтік және үкіметтік емес бағдарламаларды іске асыру;

8) лизингтік қызметті іске асыру.

14. Қызметтің басқа түрлерін жүзеге асырған жағдайда өкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) қажет болады. Қоғам аталған қызмет түрлерін белгіленген тәртіпте тиісті рұқсатты (лицензиялар, сертификаттар) алғаннан кейін соларға сәйкес жүзеге асыратын болады.

15. Қоғам келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі жобаларды қолдау, жаңғырту және дамытуды қаржыландыру қосымша және қаржыландыруды ұйымдастыру, инвестицияларды тарту;

2) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде, оның ішінде БҰҰДБ, Жасыл климаттық қормен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

3) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде қызметті жүзеге асыратын кәсіпкершілік субъектілерін кредиттеу және субсидиялауға қатысу;

4) жобаны бастамашылық етушінің қызмет бағыттары және қаржыландыру көздері бойынша біріктірілген, Қоғам арқылы қаржыландыруға арналған белгілі талаптарға жауап беретін, инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде болағашы бар жобаларға қатысу;

5) жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенін реконструкциялау және жаңғырту бойынша кредиттеу жөніндегі сенім білдірілген өкілдің (агенттің) және судсидиялау жөніндегі оператордың функциясын жүзеге асыру;

6) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі бағдарламалар бойынша іске асырылатын жобаларды іріктеуді және мониторингілеуді жүргізу;

7) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешені, құрылыс және жобалау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған мамандандырылған оқытуды, курстарды, тесттерді өткізу, іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

8) тұрғын үй қорын жанарту бойынша жобаларды қаржылық қолдау;

9) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі өз жобаларын іске асыру бойынша отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;

10) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

11) лизинг арқылы берілген қаржы құралдары есебінен алынған кепілдік мүлікті іске асыру;

12) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешендегі жобаларды қаржыландыру немесе қаржыландыру үшін отандық және халықаралық институттарды тарту;

13) Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс істеуін қоса алғанда, инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешені бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға және өзге де тұлғаларға ақпаратты жинау, талдау, мониторингілеу және беру;

14) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешені мәселелері бойынша нормативтік құқықтық қорды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

15) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінің институционалдық негіздерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

16) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде энергиялық және ресурсты үнемдеу мәдениетін қалыптастыру;

17) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінің энергиялық тиімділігінің ғылыми-технологиялық негіздерін жасау;

18) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінің мәселелері бойынша заңнамалық, нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілерді қолдану, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілердің қызметін бағалау бойынша нормативтік құқықтық, нормативтік-техникалық актілерді, әдістемелік материалдардың жобаларын әзірлеу;

19) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешені мәселелері бойынша анықтамалық, әдістемелік, оқу және нормативтік басылымдарды әзірлеу, шығару, аудару және басылымнан шығаруды ұйымдастыру;

20) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешені мәселелері бойынша семинарларды, конференцияларды, симпозиумдарды және конференцияларды ұйымдастыру;

21) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешені саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру;

22) энергияны үнемдеу саясатын насихаттау, тиімділігі жоғары демонстрациялық жобаларды жасау бойынша жұмыстарды үйлестіру, инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі энергияны үнемдеу материалдары мен жабдықтарының көрмесін ұйымдастыруға қолдау көрсету;

23) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде мемлекеттік-жеке әріптестіктің жобаларына кеңес беру бойынша ілеспелік көмек көрсету;

24) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде мемлекеттік-жеке әріптестіктің тетіктерін енгізу бойынша әдістемелік қолдау;

25) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінде мемлекеттік-жеке әріптестік жобаларының, оның ішінде оларға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтыруларды енгізу кезінде сараптама жүргізу;

26) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінің ақпараттық жүйесін жасау және ілеспелік қолдау;

27) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенінің әлемдік тенденцияларын зерттеу олардың Қазақстан Республикасындағы инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенін дамытуға әсерін зерттеу;

28) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешенін жаңғырту мен дамыту бойынша қажетті іс-шараларды әзірлеу бойынша ұсыныстарды енгізу;

29) инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі салалық және салааралық бағдарламалар, мемлекеттік, өңірлік жобалар, әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік басымдылықтары бойынша ұсыныстарды әзірлеу және ұсыну;

30) Қоғамның қызметін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қалыптастыру кезінде мемлекеттік билік органдарына қолдау көрсету;

31) жарғылық бағыттар мен мақсаттарға кол жеткізуге бағытталған Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау;

32) өз құзыреті шегінде мемлекеттік уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру.

4. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

16. Қоғамның мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі болып табылады. Қоғамның негізгі және айналымдағы қаражатты, сондай-ақ Қоғамның дербес балансында құны бар өзге де мүлкі құрайды.

17. Қоғамның мүлкі:

- 1) Жарғылық капиталға Жалғыз акционердің салымдары;
- 2) негізгі қызмет нәтижесінде алынған табыстар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлктің есебінен құралады.

5. ҚОҒАМНЫҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ

18. Қоғамның резервтік капитал құруға және иелік етуге құқығы бар.

19. Резервтік капитал Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес Қоғамның таза кірісінен жыл сайынғы аударымдар жолымен қалыптастырылады.

Резервтік капиталды пайдалану тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарға ие және міндеттер жүктеледі.

21. Қоғам өз атынан келісімшарттарды жасаса алады (келісімдерді, шарттарды), жеке мүлдікті және мүлдікті емес құқықтар мен міндеттерді ала алады, сотта талап етуші немесе жауап беруші бола алады, Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

22. Қоғам күзет құжаттарын, технологияларды, «ноу-хауды» және басқа да ақпаратқа ие бола алады және оларға иелік ету құқығын ұсыну мүмкіндігі бар.

23. Қоғам құнды қағаздарды шығарудың Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген орналастыру, айналдыру және өтеу талаптары мен тәртібіне сәйкес оларды шығара алады.

24. Қоғам қызметерлердің еңбек ақысын төлеумен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік дамумен, іріктеумен, қолдырумен және қалрларды даярлаумен байланысты барлық мәселелерді өзі бетінде шешеді.

25. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары орналасқан банктерінде және қаржылық ұйымдарда белгіленген тәртіпте және ұлттық әрі шетелдік валютада шот ашу құқығы бар.

26. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік болсын, қазақстандық болсын заңды және жеке тұлғалардан тенге және шетелдік валютада қарызға ақша алу және кредиттерді пайдалану құқығы бар.

27. Қоғам ішкі құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

28. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқық және міндеттерді пайдалану мүмкіндігі бар.

7. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

29. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығындар тәуекелін алып жүреді.

30. Жалғыз акционердің мыналарға құқығы бар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның осы Жарғысында карастырылған тәртіптен Қоғамды басқаруға катысуға;
- 2) дивидендтерді алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның осы Жарғысына белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) оның бағалы қағаздарға иелігі құқығын растайтын номиналдық ұстаушы немесе қоғамның тіркеушісінен көшірмелер алуға;
- 5) Қоғам қабылдаған шешімді соттық тәртіпте даулауға;
- 6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен өтініш білдіруге және Қоғамға сұрау салу түскеннен кейін отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 7) Қоғам тараған кезде оның мүлкінің бөлігін иеленуге;
- 8) белгіленген тәртіпте оның акцияларын айырбастауға Қоғамның бағалы қағаздарын немесе акцияларын айрықша сатып алуға;
- 9) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 10) өз есебінен Қоғамның аудитін аудиторлық ұйымның жүргізуін талап етуге.

31. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарды не болуы мүмкін.

32. Жалғыз акционер:

- 1) Қазақстан Республикасы ең осы Жарғыда көзделген тәртіпте акцияларды төлеуге;
- 2) он күн ішінде Қоғам тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акцияны ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауы;
- 3) Қоғам мен оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын мәліметті жарияламауға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Қоғам мен Қоғамның тіркеушісіне осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген талаптары Жалғыз акционердің орындамаған салдары үшін жауапкершілік жүктелмейді.

8. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

33. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын және өзге де құнды қағаздарды, оның ішінде туыңды бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, өтініш білдіру және жою шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленеді.

34. Қоғам тек қана жай акциялар шығарады.

Жай акциялар Жалғыз акционерге оның қарауына ұсынылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқық береді. Жай акция сондай-ақ Жалғыз акционерге Қоғамда таза кіріс болған кезде дивидент алуға және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен оның таратылуы кезінде Қоғам мүлкінің бөлігін алуға құқығы беріледі.

35. Қоғам жай акцияларды немесе жай және артықшылық берілген акцияларды шығаруға құқылы. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

Қоғам шарты және шығару, орналастыру, айналу және өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңмен белгіленетін бағалы қағаздарды

шығаруға құқылы.

36. Акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар саны, тәсілі мен орналастыру (сату) бағасы шегінде орналастырылған (сатылған) Қоғамның акциялары саны туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғам өз акцияларын мемлекеттік тіркеуден кейін орналастырады.

37. Орналастырылған акциялардың төлемі ретінде ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік бъектілеріне құқық) және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда белгіленген тәртіптегі мүліктер енгізіледі.

Ақшадан басқа төлемді мүлікпен жасау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін, бағалаушының берген бағасы бойынша анықталады.

38. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау Қоғамның тіркеушісімен жүзеге асырылады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның аффилирленген тұлғасы және оның афирирленген тұлғасы болмауы тиіс.

39. Қоғам ол орналастырған бағалы қағаздарды мына жағдайларда,

- 1) кепілдікке тапсырылатын бағалы қағаздар толық төленетін болса;
- 2) Қоғамға кепілдікке тапсырылатын бағалы қағаздардың жалпы саны Қоғам сатып алған Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес пайызынан аспайтын болса;
- 3) кепілдік туралы келісімшарт Қоғамның Директорлар кеңесімен мақұлданған болса, кепілдікке қабылдай алады.

9. ДИВИДЕНДТЕР

40. Дивидент Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес Қоғам төлеген оған тиесілі акциялары бойынша Жалғыз акционердің кірісі болып табылады. Дивиденттер төлемі ақшалай, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі.

Дивиденттерді Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен төлеу Жалғыз акционердің жазбаша келісімі бар болған кезде ол шығарған облигациялар мен Қоғамның жарияланған акцияларымен жүзеге асырылатын жағдайда ғана мүмкін болады.

41. Жыл қорытындысымен жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті органның келісімі бойынша тек Жалғыз акционер қабылдайды.

Дивиденттерді төлеу 10 (он) күн ішінде жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылданғаннан күннен бастап жүзеге асырылуы қажет.

42. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған өз құзыреті аясында, жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивиденттерді төлемеу туралы, шешім қабылданған күнінен бастап 10 (он) күн ішінде осы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып шешім қабылдайды.

43. Жалғыз акционер Қоғамның қарыздары қалыптасу мерзіміне тәуелсіз төленбеген дивиденттерді төлеуді талап ету құқығы бар.

Дивиденттер төлеуге арналған мерзімде оларды уақытылы төлемеген жағдайда, Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырылатын ресми мөлшерлемесінен есептеліп шығатын дивиденттер мен өсімақының негізгі сомасы қаржы міндеттерін немесе оның тиісті бөлімін орындайтын күні төленеді.

44. Қоғамның өзіндік капиталының мөлшері теріс болған жағдайда жай акциялар бойынша Жалғыз акционерге немесе егер Қоғамның өзіндік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденттерді төлеудің нәтижесінде теріс болса немесе егер Қоғам төлем жүргізуге қабілетсіз немесе реабилитация және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе оның акциялары бойынша дивиденттерді төлеудің нәтижесінде көрсетілген белгілер Қоғамның

өзінде пайда болса дивидендтерді төлеуді жүргізуге тыйым салынады.

45. Жарғының 43 тармағы бұзыла отырып жасалған іс-әрекеттер, Қоғамның кредиторлары мүддесіне зиян келтіретін әрекет ретінде қарастырылады және кез келген тұлға үшін сот талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

46. Дивидендтер бар болу нысаны бойынша қолма қол есептеулер немесе чекпен, банктің ақшалай талсырмасы, пошта жіберілімі немесе басқа да шешілетін жолдармен төленеді және Қоғам немесе төлем агенті арқылы төленуі мүмкін.

10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

47. Қоғамның органдарына мыналар жатады:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

48. Жалғыз акционер жыл сайын бес жыл ішінде қаржылық жыл аяқталғаннан кейін мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның келісімі бойынша акционерлер жиналысының жалпы жылдық құзыретіне жататын мынадай мәселелер бойынша шешім қабылдайды:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 2) өткен қаржылық жылдағы Қоғамның таза кірісін және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивидент мөлшерін бөлу тәртібін белгілеу.

Көрсетілген мерзім есепті кезең бойына Қоғам қызметі аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін мерзімге ұзартылған болып саналады.

Жалғыз акционер қабылданған шешім акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын шешімді қабылдауға, басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

49. Жалғыз акционердің шешім қабылдауы үшін Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне берілген мәселелерді дайындау, Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғам тіркеушісімен жасаған келісімшартқа сәйкес, Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

50. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына енгізуді Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер бастамашылық етеді, ал ерікті тарату процесінде – Қоғамның тарату комиссиясы бастамашылық етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Заңнамасымен Жалғыз акционердің қарауына міндетті түрде енгізілетін жағдайлар қарастырылуы мүмкін.

51. Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына енгізу бойынша шығыстар, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамға жүктеледі.

52. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдар, осы мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдауға қажетті ақпараттар көлемінен тұруы тиіс.

53. Қоғам органдарын сайлау бойынша материалдарда ұсынылған кандидаттар туралы ақпараттар болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ, қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға аффирленгендігі туралы мәлімет;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары туралы және атқарған лауазымдары туралы мәлімет;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, тәжірибесін растайтын басқа да ақпарат.

Күн тәртібіне Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселені енгізген жағдайда (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлағанда) материалдарда ұсынылған кандидат кімнің өкілі болып табылатыны және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығын көрсетуі тиіс.

54. Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін, акционерлердің жалпы жылдық жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша материалдан мыналардан тұрады:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есебінен;

2) жылдық қаржылық есептің аудиторлық есебі;

3) Директорлар кеңесі Қоғамның өткен қаржы жылының және жылдық Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін, бір жай акцияның есебінен дивиденттер мөлшерін бекіту туралы ұсыныс;

4) акционердің жылдық жалпы жиналысын жүргізуді бастамашылық етуді қарастыру бойынша басқа да құжаттардан.

55. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту (мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті органмен келісім бойынша);

2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен бірге оның өзгерістері мен толықтырулары бекіту;

3) Қоғамды өз еркімен қайта ұйымдастыру және тарату;

4) Қоғамның жарияланған акциялары санын арттыру туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланып орналастырылмаған түрлерін өзгерту;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оның өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын белгілеу;

6) Қоғамның жай акцияларына конвертеллетін құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған бір акцияның түрін акциялардың басқа түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай ауыстырулық талаптары мен тәртібін анықтау;

8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, олардың құзыреттілік мерзімін анықтау, Төрағаны және оның мүшелерін тағайындау және олардың құзыреттілігін уақытынан бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шығыстарының өтемақысын берудің көлемі мен талаптарын анықтау, сандық құрамын, Директорлар кеңесінің құзыретін мерзімін анықтау, оны тағайындау (мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті органмен келісу);

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіпте айқындау;

10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту (мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті органмен келісу бойынша);

11) қаржылық есепті жыл үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясы есебіне жыл қорытындысы бойынша дивидент мөлшерін бекіту (мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті органмен келісу бойынша);

13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайыздарынан тұратын сомала активтерін (мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті органмен келісу), активтердің бөлімдерін немесе бірнеше бөлімдерін тапсыру (алу) жолымен басқа заңды тұлғаларға қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан шығу немесе басқа заңды тұлғалар қызметін құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабуды келісу;

15) Қоғамның Жалғыз акционерге ақпараттандыр түрін анықта және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орнату туралы шешім қабылдау;

16) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның оларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдісін бекіту;

18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, оның ішінде Жарғымен осындай тәртіп анықталмаған болмаса бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

19) Басқарма Төрағасының құзыретіне тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату;

20) Қоғам Басқармасының Төрағаның орынбасарларын лауазымдарына тағайындау және босатуды келісу;

21) Қоғамның ірі мәмілелерді жасауын мақұлдау туралы шешімін қабылдау, оның (олардың) нәтижесінде Қоғамның активтері құны баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлкін Қоғамның иелігінен шығарылады, мәміле туралы шешімді қабылдау мерзіміне соның нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылады (иеліктен шығарылуы мүмкін);

22) Қазақстан Республикасының және (немесе) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын басқа шешімдерді қабылдау.

56. Егер Қазақстан Республикасы Заңнамалық актілерінде көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жататын мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың, Қоғамның басқа да қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

57. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша басқа да органдарының шешімін жою құқығы бар (оның ішінде мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті органмен келісім бойынша Директорлар кеңесінің шешімі)

12. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

58. Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Жарғыға Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

59. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне (мемлекеттік қызметкерлерді қоспағанда) олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде көтермелеулер төленеді немесе Қоғамның Директорлар кеңесі функцияларын атқаруға байланысты шығындар өтеледі. Мұндай көтермелеулер немесе төлемақылар мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

60. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында өзге жағдай белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басымды бағыттарын анықтау және/немесе Қоғамның Даму жоспарын бекіту, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны іске асыруды мониторингілеу;

2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуды және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің құзыретін мерзімінен бұрын тоқтату, қайта сайлау туралы қағиданы бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;

7) Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарма мүшелерінің құрамдық санын, оның жұмыс тәртібін анықтау, сонымен бірге Басқарма Төрағасынан басқа, олардың құзыреттілігін мерзімін тоқтатуды анықтау;

8) Басқарма мүшелерін және Төрағаның лауазымдық ақыларын және жалақысын төлеу шарттарын анықтау;

9) Ішкі аудит қызметінің құзырет мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшылары мен мүшелерін тағайындау, сонымен бірге олардың құзыреттілігін уақытынан

бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, көлемін және Ішкі аудит қызметі мүшелерінің және басшысының еңбекақысы және сыйақысын төлеу талаптарын анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит басшысы мен мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

10) Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы есепті бекіту;

11) Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдардағы мүмкіндіктеріне қатысты келісімді ұсыну туралы шешім қабылдау;

12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы талаптарын айқындау;

13) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітуі (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және ондан көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және ондан көп пайызы болатын шамаға көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) Қоғам жасауға мүдделі болып табылатын ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның есептік саясатын бекіту;

21) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;

22) Қоғам жұмысшыларының штат санын бекіту;

23) Қоғамның негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін, оларды орындау туралы есепті бекіту;

24) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын, Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесімен бекітілген, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, және (немесе) Қоғамның жарғысы және (немесе) ішкі құжаттарымен көзделген басқа да сұрақтар.

61. Жарғының 60 тармағында белгіленген мәселелердің тізімі, Қоғам Басқармасының шешімі ретінде болуы мүмкін емес.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

62. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Қоғамның акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің мүддесін қорғайтын өкіл ретінде Директорлар кеңесінің сайлауға ұсынылмаған (ұсынылым жасалмаған) жеке тұлға тағайындала алады.

Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері және өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын мүшелер Директорлар кеңесінде өз өкілеттіктерін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде бес адам болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесінің мүшелері санының үштен бірінен аз болмауы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңымен белгіленеді.

63. Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесінің құрамына

сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы тағайындала алмайды.

64. Егерде Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге жағдай көрсетілмеген болса, Директорлар кеңесіне сайланған адамдар оның құрамына бірнеше рет қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесі құзыретінің мерзімі, Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жана құрамына тағайындау жүргізетін кезде тоқтатылады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің құзыретін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы бар. Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыретін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің мұндай құзыреті Директорлар кеңесінен аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

65. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда және Жалғыз акционердің Директорлар кеңесі жана мүшесін сайлаған жағдайда соңғысының өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттігі мерзімінің өтуімен бір уақытта аяқталады.

66. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

Директорлар кеңесі Төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері жүзеге асырады.

67. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының не болмаса Қоғам Басқармасының бастамасы немесе талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) Ішкі аудит қызметінің.

68. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі Төрағасының ұсынылған күн тәртібі жазылған тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Директорлар кеңесіне қойылады.

Директорлар кеңесі төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесін шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесі отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскеннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шақырылуы тиіс. Директорлар кеңесі көрсетілген талапты ұсынған тұлғаның міндетті қатысуы арқылы өткізіледі.

Директорлар кеңес отырысын өткізу туралы Директорлар кеңесі мүшелерін хабардар ету тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер бірыңғай нысанда Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі.

Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде:

- 1) қоғамның толық атауы және тұрғылықты жері;
- 2) Директорлар кеңесінің Корпоративті хатшысына қой қойылған бюллетенді ұсыну күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе мәселе (мәселелер);

- 5) күн тәртібі мәселелері бойынша шешімдер жобасы;
- 6) өзге де мәліметтер;

Бюллетендерді сырттай дауыс беру үшін Директорлар кеңесі мүшелеріне жолдау кезінде Корпоративті хатшы өз қолымен оларды дұрыс және біркелкі толтырылуын мәлімдейді.

Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі, сондай-ақ әдеттегі күндізгі отырыс өткізу кезінде Директорлар кеңесі мүшесіне ол отырысқа қатыса алмауы мүмкін жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жолдау арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме боулы тиіс.

69. Директорлар кеңесінің мүшесі Корпоративті хатшысына Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмайтын туралы ертерек хабардар етуі міндетті.

70. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем емес құрамды құрайды және Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерін есептеу арқылы анықталуы мүмкін. (Олар берген жазбаша дауыстар түрінде).

Егер Директорлар кеңесінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткілікті болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің карауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін енгізуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселенің тек Жалғыз акционердің карауына енгізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

71. Директорлар кеңесі мүшесінің әрбіреуі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесі шешімі Директорлар кеңесі мүшелерінің басым дауысымен қабылданады, егер «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы заңында өзге жағдайлар көзделмеген болса.

Берілген дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысын төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы. Онда тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алады.

Қоғамның мүдделі мәмілелер жасауы туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жай дауыс беруімен қабылданады. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны мұндай мәміле жасауға мүдделі емес тұлғалардың санының жартысынан аз болса, онда шешім қабылдауды Жалғыз акционер шешеді.

72. Директорлар кеңесі көзқарасынаша, оған қарауға ұсынылған мәселелер бойынша шешім қабылдау сырттай дауыс беру арқылы да мүмкін болады. Бұл ретте сырттай дауыс беру үшін күн тәртібінің мәселелері бойынша бюллетендер қолданылады.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетендердің кворумда болған кезде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру шешімі жазбаша түрде рәсімделіп, Корпоративті хатшы және Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс, сонымен қатар:

- 1) Қоғамның немесе Басқарманың атауы және тұрғылықты орны;
- 2) Сырттай дауыс беру шешімін жазбаша рәсімдеу күні және орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) Отырысты шақыруды жүзеге асырушы тұлғаны (орган) көрсету;
- 5) Отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның бар болуы/болмауы туралы жазба;

7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешім;

- 8) өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде шешім негіздемесі қабылданған шешім болып табылатын бюллетендер қоса тіркеліп Директорлар кеңесіне жолданады.

73. Қабылдаған Директорлар кеңесінің шешімі оның отырысында хаттамамен

ресімделеді, оны отырысқа төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің Корпоративті хатшысы қол қойып, отырыс өткеннен кейін үш күн ішінде құрылуы тиіс, онда:

- 1) Қоғамның немесе Басқарманың атауы және тұрғылықты орны;
- 2) отырыс өткен күн, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олардың дауыс беру бойынша қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің өзге де қабылданған шешімдері бойынша мәліметтер болуы керек.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің талабы бойынша Корпоративті хатшысы оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Директорлар кеңесі отырысының шешімін беруге міндетті, ол танысу үшін беріледі және Қоғамның уәкілетті тұлғасы қол қойып және Қоғамның мөрі басылып расталған хаттама мен шешімнің көшірмелерін бере алады.

74. Негізгі маңызды мәселелерді шешу үшін және Директорлар кеңесіне ұсынуға дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеті мына мәселелер бойынша құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге де мәліметтер.

75. Директорлар кеңесі комитеттерді құрған жағдайында, олар нақты бір комитетте жұмыс істеуге қажетті кәсіби білімдері бар Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшыларынан тұрады. Директорлар кеңесі комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

76. Директорлар кеңесі комитетінің қалыптасу және жұмысының тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

13. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

77. Басқарма Төрағасы Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады. Қоғамның Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғымен Қоғамның лауазымдық тұлғалары мен басқа да органдарының құзыретіне жатпайтын мәселелері бойынша Қоғамның кез келген қызметіне қатысты мынадай шешім қабылдауға құқылы:

- 1) Жалғыз акционердің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау, мәселелерді алдын ала мақұлдау/қарауға енгізеді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпте Қоғамның атынан мәмілелерді жасайды;
- 3) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдерді шығарады және нұсқау береді.
- 4) жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімде Қоғамның Даму жоспарын және оны орындау туралы есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді;

6) Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекітеді;

7) он және одан да көп пайыз акциялары (жарғылық капиталының қатысу үлесі) қоғамға тиесілі, акционерлердің (қатысушылардың) заңды тұлғалардың жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

8) Қоғамның филиалдары (өкілдіктерінің), оның еншілес ұйымдарының және бірлесе бақылайтын ұйымдардың жұмысын үйлестіреді және жолға қояды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Жалғыз акционері және Директорлар кеңесі алдында есеп береді;

10) Қоғамның тек қана басқа да органдарының құзыретіне жатпайтын, Қоғамның қызметін қамтамасыз етумен байланысты басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

78. Басқарма Директорлар кеңесі мүшелеріне оларға жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезінде Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы сұрау салынғаннан сәттен бастап он күннен кешіктірмей ақпаратты уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

79. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі шешімін орындауға міндетті.

